

ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ ESG ҚАҒИДАТТАРЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН САТЫП АЛУ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Air Astana компаниялар тобы табыс көлемі мен әуе кемелері паркі бойынша Орталық Азия мен Кавказдағы ең ірі әуе компаниялар тобы болып табылады. Top екі брендтік модель арқылы — Air Astana (толық сервисті тасымалдаушы) және FlyArystan (лоукостер тасымалдаушы) — ішкі және халықаралық бағыттарда әртүрлі тұтынушы сегменттеріне қызмет көрсетеді. Бұл қызмет заманауи және үнемі кеңейіп келе жатқан әуе кемелері паркімен қамтамасыз етіледі.

Air Astana тобы сатып алу қызметін жауапкершілікпен, ашық түрде және тұрақты даму қағидаттарына сәйкес жүзеге асырады, сондай-ақ жолаушылармен алғашқы байланыс сәтінен бастап олардың межелі жерге қауіпсіз жетуіне дейінгі тұтынушылық тәжірибені жақсартуға ұмтылады.

Осы Тұрақты және ESG қағидаттарына негізделген сатып алу саясаты туралы мәлімдеме экологиялық, әлеуметтік және басқару (ESG) қағидаттарын Топтың барлық сатып алу процестеріне енгізуге деген міндеттемесін көрсетеді. Саясат Top сатып алатын барлық тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қолданылады. Біз ашық әрі тиімді сатып алу процесін қамтамасыз етіп, инновациялық стартаптар мен шағын кәсіпорындардан бастап ірі халықаралық компанияларға дейінгі әртүрлі жеткізушілер желісімен жұмыс істей отырып, ұзақ мерзімді және өзара тиімді серіктестіктер құруға ұмтыламыз.

БІЗДІҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІМІЗ

1. Экологиялық жауапкершілік

- Ресурстарды тиімді пайдалану және қалдықтарды азайту арқылы қоршаған ортаға әсерді төмендету;
- Парниктік газдар шығарындылары төмен және экологиялық менеджмент жүйесі дамыған жеткізушілерге басымдық беру;
- Тұрақты материалдарды және жауапты өндіріс әдістерін қолдануды ынталандыру.

2. Әлеуметтік жауапкершілік

- Жеткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде адам құқықтарын құрметтеу және қорғау;
- Балалар еңбегіне, мәжбүрлі еңбекке және заманауи құлдықтың барлық түрлеріне жол бермеу;
- Қауіпсіз еңбек жағдайларын, әділ еңбекақыны және кемсітушілікке жол бермеуді қамтамасыз ету;
- Жеткізушілердің әртүрлілігін қолдау және жергілікті өндірушілерді, кәсіпкерлер мен қауымдастықтарды дамыту.

3. Корпоративтік басқару және этика

- Сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа нөлдік төзімділік саясатын ұстану;
- Ашықтықты, құпиялылықты және деректерді қорғауды қамтамасыз ету;
- Жеткізушілердің қолданыстағы заңнаманы және Air Astana тобының Әдеп кодексін сақтауды талап ету;
- Заңнама мен этикалық нормаларды бұзу фактілері туралы хабарлау үшін тәулік бойы жұмыс істейтін арнаға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Осы Тұрақты және ESG қағидаттарына негізделген сатып алу саясаты туралы мәлімдеме корпоративтік веб-сайтта ашық қолжетімді түрде жарияланған және тұрақты түрде қайта қаралып отырады. Air Astana компаниялар тобы үздіксіз жетілдіру қағидатын ұстанады және тұрақты даму саласындағы қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында мүдделі тараптардың, жеткізушілердің және тұтынушылардың кері байланысын құптайды.

Ибрахим Жанлыел



Air Astana Бас атқарушы директоры

Сәуір, 2026 жыл